

Сіздің 19.05.2022 ж. № 12-1-2-/3308-И хатыңызға

ҚР ӘМ «ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты» РМК (бұдан әрі – «ЗҚАИ» РМК) Сізге Әділет министрінің Қоғамдық кеңес алдындағы есеп беру шеңберінде 2022 жылғы 5 ай ішіндегі «ЗҚАИ» РМК қызметі туралы ақпаратты жібереді.

ҚР НҚА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІ

Ағымдағы жылдың 5 айында Мемлекеттік тізілімге 5 345 НҚА енгізілді, оның ішінде 4 349 жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері.

2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 265 актіге (5 %) артық енгізілді.

Мемлекеттік тізілім Интернетте еркін қолжетімділікке ие (www.zanorda.kz), оның ақпараттық массиві күнделікті жаңартылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылып отырады.

ҚР НҚА ЭТАЛОНДЫҚ БАҚЫЛАУ БАНКІ

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі электрондық және қағаз түрінде қалыптастырылады.

ЭББ АЖ-де электронды түрде 151 мыңнан астам НҚА орналасқан.

2022 жылғы 5 ай ішінде Эталондық банкте 5 345 акті жарияланды, 2021 жылдың осы кезеңінде 5 080 акт жарияланған.

2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 265 НҚА-ға (5 %) артық.

Эталондық банк өзекті жағдайда ұсталады.

2022 жылдың есептік кезеңінде 3140 НҚА-ға түзетулер енгізілді (өткен жылмен салыстырғанда 46 актіге (1,4 %) кем), оның ішінде: 1225 – орталық, 1915 – жергілікті актілер. 1147 НҚА күшін жоюға қойылды (2021 жылмен салыстырғанда 1539 актіге (57 %) кем), оның ішінде: 288 – орталық актілер, 859 – жергілікті актілер.

Эталондық банкте ақпараттық массив күнделікті жаңартылып, қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырылып отырады. НҚА заңмен белгіленген мерзімді (5 жұмыс күні) мүмкіндігінше қысқартып, жүйеде жедел орналастырылады.

НҚА-ны Эталондық банкте ресми жариялау оның пайдаланушылар арасында танымалдылығын өсіруге ықпал етеді. Осылайша, 2022 жылғы 5 ай

ішінде Эталондық банкте 330 669 пайдаланушылар болып, 466 699 кіріп шығулар жасалынған, бұл 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 18 % пайдаланушыларға артық (2021 ж. – 280 435) және кіріп шығу саны 15 %-ға (2021 ж. – 405 167) артық.

Республика бойынша күнделікті орташа есеппен 50 НҚА жарияланады.

ӘДІЛЕТ» АҚПАРТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ

«Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жүйелендірілген және толыққанды деректер қорына жалпыға бірдей тегін қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған. Жүйе 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жиынтығын қамтиды.

Есепті кезеңде жүйенің үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді. Техникалық қолдау 2022 жылға арналған қолдау қызметтерінің техникалық ерекшелігіне сәйкес жүзеге асырылды.

Жүйе Интернетте, МО БКО желісінде және жабық МО желілерінде жұмыс істейді – Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, СГО (АЖ көшірмесі). Жаңарту кезінде деректердің дұрыс синхрондалуы қамтамасыз етілді.

Пайдаланушылар және «Әділет» АҚЖ кірулер саны:

	2021 жылдың 5 айы	2022 года жылдың 5 айы	Айырмашылығы
Пайдаланушылар	5,4 млн.	6,4 млн.	17,92 % ұлғайды
Кірулер	14,6 млн.	17,07 млн.	16,85 % ұлғайды

Құжаттар саны «Әділет» АҚЖ:

	НҚА	НҚА еместер
Каз.	164 961	34 216
Рус.	165 591	46 482
Англ.	1 955	137

Елдер бойынша кірулер үлесі:

Ел	2021 жылдың 5 айы		2022 жылдың 5 айы		Айырмашылығы	
	Пайдаланушылар	Кірулер	Пайдаланушылар	Кірулер	% пайд. өзгерісі	% кірулер өзгерісі
Қазақстан	5 053 828	14 009 740	5 884 213	16 325 717	14,11	14,19
Ресей	114 241	161 017	253 798	328 621	54,99	51,00
Украина	20 020	26 628	38 132	45 853	47,50	41,93

АҚШ	37 719	45 460	36 871	48 444	-2,30	6,16
Германия	15 758	21 089	28 273	33 961	44,26	37,90
Беларусь	9 502	13 341	22 554	29 354	57,87	54,55
Қырғызстан	10 184	14 525	18 984	24 653	46,35	41,08
Өзбекістан	15 684	24 486	18 324	25 803	14,41	5,10
Франция	31 727	38 533	15 609	24 857	-103,26	-55,02

Құрылғы бойынша кірулер статистикасы:

Устройство	2021 жылдың 5 айы	2022 года жылдың 5 айы
Үстелдік компьютер /Ноутбук	59,27 % (8,7 млн)	51,58 % (8,80 млн)
Смартфон	40,73 % (5,95 млн)	48,42 % (8,26 млн)

МО БКО желісінде:

	2021 жылдың 5 айы	2022 жылдың 5 айы
Кіру	1,9 млн	1,4 млн
Келулердің орташа ұзақтығы	6 мин. 19 сек.	6 мин. 28 сек.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ, ОЛАРДЫҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ, КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТАЛДАМАЛЫҚ, КОНСАЛТИНГТІК, ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ ДЕРЕКҚОРЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен жергілікті атқарушы органдарының, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсырысы бойынша жүргізілетін, республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық, консалтингтік, әлеуметтік және өзге де зерттеулердің, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулердің бірыңғай дерекқоры (бұдан әрі – Зерттеулер базасы) - "Әділет" АҚЖ бөлімі, мемлекеттік органдардың зерттеулеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету. Бөлімнің негізгі мақсаты-мемлекеттік органдар жүргізетін зерттеулердің ашықтығын қамтамасыз ету және жұмыста ақпаратты пайдалану үшін мүдделі мемлекеттік органдарға рұқсат беру.

Зерттеулер базасы Интернет желісінде де (квазимемлекеттік сектор үшін), сондай-ақ МО БКО-да (МО қызметкерлері үшін) қолжетімді.

Ағымдағы 2022 жылы Зерттеулер базасының үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді. Техникалық сүйемелдеу 2022 жылға арналған сүйемелдеу қызметтерінің техникалық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, жүйені пайдалану барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында кері байланыс бөлігінде жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен құрылымдық бөлімшелердің анықтамалықтары жаңартылды.

2022 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Зерттеулер базасында орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың 2850 зерттеулері жүктелген. 5 айдағы жүктеу саны 2022 - 17.

Сонымен қатар, зерттеу базасында 268 пайдаланушы тіркелген.

2022 жылы Зерттеулер базасына мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың 59 зерттеуі жүктелді, бұл 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 126,9% - ға артық (01.01.2021 ж. бастап 01.06.2021 ж. дейін 26 зерттеу жүктелді).

ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын орындау үшін ҚР ӘМ «ЗҚАИ» ШЖҚ РМҚ базасында 2011 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен Құқықтық ақпараттық қызмет (*бұдан әрі – Қызмет, ҚАҚ*) құрылды.

Қызметтің негізгі мақсаттары мен міндеттері халыққа барлық құқықтық мәселелер бойынша тегін кеңес беру, ҚР қолданыстағы заңнамасын түсіндіру және Қазақстан Республикасы халқының құқықтық мәдениетін дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

2022 жылдың 5 айында барлығы 60 280 консультация көрсетілді, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңінен 3,3% - ға асады (*2021 жылғы ұқсас кезең – 54 012*), оның ішінде:

Бірыңғай 119 нөміріне телефон арқылы түскен өтініштерге **47 711** консультация, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңінен 6,3% – ға асады (*2021 жылдың ұқсас кезеңі- 44 889*);

WhatsApp онлайн мессенджері арқылы келіп түскен **4 324** жазбаша консультация 2020 жылдың сәйкес кезеңінен 24% - ға асады (*2021 жылдың ұқсас кезеңі – 3 489*);

«Әділет» ҚР НҚА ДБ арқылы түскен **1 728** жазбаша онлайн-консультация, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңінен 95,9% - ға асады (2021 жылдың ұқсас кезеңі - 882);

5 966 жазбаша онлайн-консультация «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің дерекқорының «Виртуалды кеңесші» виджеті арқылы» бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңінен 40% - ға асады (2021 жылдың ұқсас кезеңі – 4 261);

ҚР Әділет министрінің сайтына келіп түскен **183** жазбаша консультация, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңінен 43 % - ға асады (2021 жылдың 5 айында - 322), соның ішінде ҚР Әділет министрінің блог-платформасына берілген **118** жазбаша консультация (2021 жылдың 5 айында - 295), ҚР ӘМ ведомстволық сайтындағы «Сұрақ-жауап» бөліміне келіп түскен азаматтардың **65** консультация (2021 жылдың 5 айында - 27).

Атқарушылық іс жүргізу, сондай – ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану мәселелері бойынша **368** өтініш (шағым) келіп түскен, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 54% -ға асады (2021 жылдың ұқсас кезеңі - 169);

Жұмыс күніндегі телефон консультациясының орташа саны **491** (тәулігіне - **315**) және **125** жазбаша консультацияны құрады.

2022 жылғы 5 айда ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық - консультациялық қызметті бағалаған қанағаттандырылған азаматтардың үлесі **95,8%** - ды құрады.

Сонымен бірге, Қызметпен республикалық референдум туралы заңнаманың ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясына ұсынылған түзетулерді түсіндіру бойынша **39** құқықтық консультация берді.

Сонымен қатар, Құқықтық ақпараттық қызметпен:

– «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жаршысы» журналының № 1 (41)-2022 ж. «Әділет кеңес береді» айдарындағы «Әкімшілік сот ісін жүргізу саласындағы өзекті мәселелер» тақырыбындағы мақаласы үшін;

- ҚР ӘМ ведомстволық сайтындағы «Street law» айдарындағы «Төтенше жағдай саласындағы өзекті мәселелер», «Әкімшілік сот ісін жүргізу саласындағы кейбір мәселелер», «Қазақстан Республикасында жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау саласындағы кейбір мәселелер», «атқарушылық жазбаны жасауға қатысты кейбір мәселелер», «Атқарушылық іс жүргізу саласындағы кейбір мәселелер және Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тартуға қатысты жауаптар» сияқты тақырыптарға материалдар дайындады.

Сондай-ақ, Құқықтық ақпараттық қызметпен ЗҚАИ-дың «Youtube.com» арнасында «Әкімшілік сот ісін жүргізу саласындағы өзекті мәселелер» және «Жануарларға жауапты қарау саласындағы өзекті мәселелер» тақырыптарында вебинарлар түрінде халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша онлайн-курстар өткізілді.

Құқықтық ақпараттық қызметтің «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілеріндегі беттерінде өзекті тақырыптарға құқық түсіндіру сипатындағы материалдар тұрақты негізде жарияланады және жазылушылармен байланыс белсенді түрде сақталуда.

Біліктілік деңгейін арттыру және халыққа өзекті құқықтық ақпарат көрсету мақсатында а.ж. наурыз айынан бастап ҚАҚ оператор-консультанттары Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде (СҚҰД, ЗМҚД, ТҚжЗҚҰД, САОД) тағылымдамадан өтеді.

Алдағы референдум бойынша халыққа сапалы консультациялық көмек көрсету мақсатында Құқықтық ақпараттық қызметтің оператор – консультанттарына 18-і мен 27 мамыр аралығында оқыту ұйымдастырылды. Дәрісті институт директоры Сәрпеков Р.Қ., директордың орынбасарлары Қазбаева А.Г. және Жанғарашев Р.М., директордың кеңесшісі Құлжабаева Ж.О. және ғылыми хатшы Дюсенов Е.А. жүргізді.

Сонымен қатар, 2022 жылғы 30 мамырда филиалдарды қоса алғанда, ЗҚАИ барлық қызметкерлері үшін ZOOM платформасында түсіндіру конференциясы өткізілді. Конференция спикері болып ЗҚАИ директоры Р.Қ. Сәрпеков сөз сөйледі.

ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ

Институт 2022 жылдың 5 айында жарғылық қызмет аясында келесі жұмыстарды жүзеге асырды.

Консультациялық қызметтер және ғылыми құқықтық сараптама

Атап айтқанда, **28** реттеушілік саясаттың консультативтік құжаты және **17** заң жобасы бойынша **45** консультациялық қызмет көрсетілді. **28** заң жобасына және **12** халықаралық шарт жобасына ғылыми құқықтық сараптама жүргізілді. Сондай-ақ есепті кезеңде Институт қызметкерлері түрлі заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша **20** жұмыс топтарына қатысты.

№ 1 кестеде консультациялық қызметтер көрсету шеңберінде 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

Көрсеткіштер	2021 жылдың 5 айы	2022 жылдың 5 айы
Реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын әзірлеу бойынша консультациялық қызмет	29	28
Заң жобасын әзірлеу бойынша консультациялық қызмет	25	17
Заң жобасына ғылыми құқықтық сараптама	45	28

Халықаралық шарт жобасына ғылыми құқықтық сараптама	12	12
Заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысу	38	20
Барлығы	149	105

№ 1 кесте

Ғылыми лингвистикалық сараптама

Есептік кезеңде Институттың Лингвистика орталығымен **51** сараптамалық қорытынды берілді, оның ішінде: **34** – заң жобасына (*ПӘ-ден кейін қайталама – 8*); **17** – халықаралық шарт жобасына.

№ 2 кестеде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу шеңберінде 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 2 кесте

Көрсеткіштер	2021 жылдың 5 айы	2022 жылдың 5 айы
Сараптамалық қорытынды, оның ішінде:	63	51
заң жобалары бойынша	46	34
халықаралық шарт жобалары бойынша	17	17

Заңнаманың тиімділігін талдау

Есептік кезеңде Институттың құқықтық мониторинг орталығымен **25** заңның құқықтық мониторингі жүзеге асырылды.

№ 3 кестеде құқықтық мониторинг жүргізу шеңберінде 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 3 кесте

Көрсеткіштер	2021 жылдың 5 айы	2022 жылдың 5 айы
НҚА құқықтық мониторингі	30	25

Институттың ғылыми-зерттеу жұмысы

Институттың ғылыми-зерттеу жұмысы келесі іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша жүргізілді:

1. «Қазақстан Республикасында заң жобалау қызметін ғылыми қамтамасыз ету»;

2. «Termincom.kz - бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық базасында орналастырылған терминдер мен сөздерді талдау»

3. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы аясындағы қазіргі заманғы қылмыстық және қылмыстық-процесік заңнамасының проблемалары: қылмысқа қарсы іс-қимыл, азаматтардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру»;

4. «Мүгедек адамдардың құқықтарын қорғауды құқықтық реттеу мәселелері».

Зерттеу тақырыбы еліміздің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен айқындалады, олар: Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы, Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспары және заң шығару жұмысының 2021 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспары.

Заң шығару саласындағы Институттың ғылыми-теориялық ізденістерінің нәтижелерін сынақтан өткізу заңнаманы жетілдірудің әзірленген ғылыми тұжырымдамаларында, заң жобаларына, халықаралық шарттар мен олардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүзеге асыру барысында, сондай-ақ Институт қызметкерлерінің әзірлеуші органмен бірлесіп заң жобаларын әзірлеуге қатысуымен іске асырылады.

Есепті кезеңде институт қызметкерлері ғылыми қызметті жүзеге асыру шеңберінде **3** монография, **1** оқу құрал, **66** ғылыми мақала және интернет-порталдарда **37** жарияланым жариялады.

Есептік кезеңде Институт **4** іс-шара өткізді, сондай-ақ Институт қызметкерлері **88** іс-шараға (дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар және т. б.) қатысты.

№ 4 кестеде іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізу шеңберіндегі ақпарат берілген.

№ 4 кесте

Көрсеткіштер	2021 жылдың 5 айы	2022 жылдың 5 айы
Іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеулер тақырыптарының саны	3*	4
Ғылыми мақалалар	61	66
Интернет-порталдарда жарияланымдар	4	37
Оқу құралдары	-	1
Монографиялар	2	3
Жинақ	-	-
Практикум	-	-
Институтпен іс-шаралар өткізу (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар)	3	4
Іс-шараларға қатысу (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар)	61	88

Ескертпе:

* 2022 жылы әрбір ғылыми бөлімше іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша ғылыми-зерттеу қызметін дербес жүзеге асырады. 2021 жылы институттың ғылыми бөлімшелері оңтайландыру мақсатында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша бірлесіп ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырды.

Институттың баспа және типографиялық қызметі

Есепті кезеңде баспа және типография қызметі бөлімімен **2284** данада **55** атау бойынша баспа өнімдерін дайындады.

№ 5 кестеде баспа және баспаханалық қызмет шеңберінде 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

№ 5 кесте

Көрсеткіштер	2021 жылдың 5 айы	2022 жылдың 5 айы
Дайындалған баспа өнімі (данада)	2372	2284

Директор

Р. Сәрпеков

